



КӨКЕЙКЕСТІ

АРАЛДА

Арал десе, шағаласы қалықтаған айдын емес, қаңғыраған құла-түз көз алдымызға келеді. Бұл жолы біз табаны тартылған теңіздің түйкілін айтып отырған жоқпыз. Облыс орталығынан 500 шақырым қашықта жатқан Арал ауданындағы ауыл, елді мекендер мәселесінің өзі жеткілікті. Осы ауданға қарайтын 58 ауыл-қыстақтың ішінде Тоқабайдың түйкілі белек...



тенгеге жалдап барғанның өзінде, көмірсіз қайтатын күніміз жиі болып тұрады», — дейді.

— Бізде не су жоқ, не автобус жоқ. Интернет өмірі болған емес — деген тағы бір тұрғын Алмасхан Ержанов ауылын ұмыт қалған елді мекен санатына қосып қойған.

Біз Тоқабайдағы түйкілі мәселелердің қашан, қалай шешілетінін Арал ауданы әкімінің орынбасары Мерей Мейірбековтен сұрадық. Ол «Арал ауданына қарасты Тоқабай-Абай елді мекендерінің ауыз су құрылысының жобалық құжаттарын әзірлеу үшін

облыстық бюджеттен 50 млн тенге бөлінді. Құрылыс жобасы мемлекеттік сараптамаға тапсырылды. Қорытындыны күтіп отырмыз. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алғаннан соң, жобаны қаржыландыру үшін тиісті басқармаларға бюджеттік өтініш ұсынылатын болады» — деп түсіндірді.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Тоқабай ауыл санатына қосылған 60 жылдан бері ауыз суға жарымай келеді. Тұрғындар қара суды шалғайдағы аудан орталығынан тасып ішуге мәжбүр. Оның өзі — қып-қызыл ақша. Ақшасын айтпағанның өзінде, тандайға бал татитын тұшы су емес, тіліңізді ойып түсетін ащы, кермек су. Қасқалдақтың қанындай болған тіршілік нәрін Аралдан тасып әкеліп, әр үй өзінің ауласындағы қаңғыраған құдыққа құйып қояды. Құдық деген аты

СУ ЖОҚ



ғана, әйтпесе бұл су сактайтын қойма.

Тоқабайда ауыз су түгілі, отын да жоқ. Тас көмірді аудан орталығынан тасиды. Қара отын ауылға жеткенше бірнеше есе қымбатқа түседі. Сондықтан, ауыл тұрғындары жыңғыл, дүзгенді тамыздық қылып, тезекпен бой жылытады. Күлөңде Көздібаева — осы ауылдың тұрғыны. Отынның зарын бір кісідей тартқан жан. Ол: «Бір машина дүзгенді 25 мың тенгеге сатып аламыз. Ал көмір бізге арман. Көлікті 15-20 мың

ҚЫЛБҰРАУ

Шымкентте жоғары білім алмаған, бірақ осы күнге дейін жалған дипломмен сабақ беріп келген ұстаздар анықталды. «Еуразия» телеарнасы Шымкент қалалық прокуратурасына сілтеме жасай отырып, хабарлағандай, жалған дипломмен сабақ беріп жүргендер екі колледждің ұстаздары екен.

ҰЯЛМАЙТЫН ҰСТАЗДАР

Заңсыздықты тексерген мамандар кейбір оқу орындары студенттердің стипендиясы мен жол ақысына бөлінген қаражатты да аудармай келгенін анықтапты. Ал студенттер болса, мұндай жеңілдіктің барыннан мүлде бейхабар болған. Сөйтіп, екі колледж 500-ден астам студентке 2,5 миллион тенге берешек болып шықты. Қолды болған ақша прокуратураның тексеруінен кейін ғана заңды иелеріне қайтарылыпты.

Әлгі екі колледж мемлекеттік сатып алу байқауының талабын да өрескел бұзған. Былық әшкереленіп, 40 миллион тенгеге жуық ақшаның әлдекімдердің қалтасына түсіп кетуіне тосқауыл қойылды. Шымкент қалалық прокуратурасы



басқарма басшысының орынбасары Батыр Ерғешев: «Тексеру нәтижесінде 1,5 мың студенттің 7 миллион тенгеден астам қаржысы өтелді. Занбұзушылыққа жол берген 35 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды», — деді.

Ал жалған дипломмен жұмыс істеп келгендер туралы колледж директорының орынбасары Күміс Толыбаева «Олар жоғары оқу орнын бітіріп келді. Бірақ дипломы жалған боп шықты», — дейді. Қазір олар жұмыстан босатылған. Сотқа дейінгі тергеу амалдары жүріп жатыр. Егер заңсыз әрекеті дәлелденсе, осы уақытқа дейін төленген жалақы кері қайтарылады.

Аида МҰРАТБЕК, студент

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Осы аптада Мәжіліс мінберінен депутат Магеррам Магеррамов даун, аутизм дертіне шалдыққан балалардың асыраушыларына мемлекет тарапынан әртүрлі жеңілдік қарастырылуы керектігін айтты. Осы орайда халық қалаулысына мүгедектігі бар балалардың қамқоршыларына мемлекет тарапынан қандай көмек көрсетілуі керектігін сұрадық.

Магеррам МАГЕРРАМОВ, Мәжіліс депутаты:

ҚАМҚОРШЫҒА ДА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ



Jas qazaq: Магеррам мырза, мүмкіндігі шектеулі балаларға қамқоршылық көрсетушілерге мемлекет тарапынан жеңілдіктер қарастырылған ба?

М.Магеррамов: Мәселен, мүгедектігі бар балалардың ата-аналары мүгедектерге арналған орындарда автокөлік қоюға құқы бар ма, әлде, жоқ па? Осы секілді сауал көп. Жарымжан балалардың қамқоршылары зейнеткерлікке ерте шыға алмайды. Тіпті мүмкіндігі шектеулі бала күтіміне, емделуіне және оңалтуына байланысты ерекше демалыс алуға мүмкіндігі жоқ. Қоғамдық көлікте де жеңілдік қарастырылмаған. Мүгедектігі бар баланың ата-анасы немесе қамқоршысы орта кәсіптік немесе жоғары оқу орнына жеңілдікпен оқуға түсе де алмайды. Осы мәселеге орай, біз үкіметтен мүгедектігі бар, даун синдромы мен аутизм ауруына шалдыққан балаларға, сондай-ақ олардың мүгедектік тобын анықтаудың тәртібі мен талабын нақтылау туралы нақты шешім қабылдауды сұраймыз!

Jas qazaq: Даун синдромы мен аутизм ауруына шалдыққандардың ауру тобын анықтау олардың қамқоршыларына қиын ба?

М.Магеррамов: Олар көбінесе мүгедектігі бар балалардың жағдайына сәйкес келмейтін топқа жатқызылады. Ал ата-аналар үнемі өз дәлелдерін ұсынып, олардан ақиқатты талап етуге тура келеді. Қамқорлық құжатын дайындау үшін 7-ден 9 айға дейін уақыт кетеді. Осы мерзім аралығында жеңілдік те беріледі. Сонымен қатар даун синдромы мен аутизмге шалдыққандар психиатриялық ауруханада қайтадан 1 ай емделуі тиіс. Сондай-ақ асыраушыларына банктен карта ашуға да мүмкіндік берілмеген. Жәрдемақы жеке есепшотқа аударылады. Оны алу үшін қамқоршыларға банкке барып, касса алдында кезекке тұруына тура келеді. Бірақ әуре-сарсаңға түсуі мұнымен бітпейді. Олар әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту басқармасының басшысына жеке есепшоттан белгілі бір соманы алуы үшін ай сайын өтініш жазады. Онда ақшаның қандай мақсатқа жұмсалатыны егжей-тегжейлі баяндалуы тиіс.

Әлеуметтік саясат пен тұрғындардың әлеуметтік деңгейін көтерудің негізгі критерийі халықтың өмір сүру деңгейін арттыру болып табылады. Алайда өмір сүру сапасын жақсарту үшін біздің азаматтардың бұл санаты үкімет назарына ілінбей отыр. Мәселені шешудің маңыздылығын мойындай отырып, мүгедектігі бар балалардың қамқоршыларына мемлекеттік қолдау көрсету тәсілін түбегейлі өзгерту қажет.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

БОЯМАСЫЗ ӨМІР

ДУА мен ДАУА НЕМЕСЕ АЙТОЛҚЫННЫҢ АЙЛАСЫ



Үйге келсек, есік ашық-шашық, сыртынан құлыптанбаған. Үйдің іші тас қараңғы. Жарықты қосып қалып өдім. Астаң-кестең болып, бәрі шашылып жатыр. Тонап кетіпті. Көз жасым көл болып, отыра қалып, еңіреп тұрып жыладым. Бір жағы қорқыныш, екіншіден, қонақ боп келген құрбымның алдында өлімнен бетер ұят болды.

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent) **60,18**

DOLLAR **369,98**

EURO **421,47**

РУБЛЬ **5,57**

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Суымыз біздің сиқырлы

(Жалғасы 2-бетте)



168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

GEOPOLITICS

Ғаламдық саясат қана емес, экономиканы да айналып өтпейтін сыртқы факторлардың ұлттық қауіпсіздікке ықпалы бүгінде аса маңызды мәселеге айналды. Мемлекет осыған орай тұрлаулы ұстанымға негізделген тиісті шараларды қабылдауы қажет. Бұл жетіде Елбасының төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы осы тақырыпқа арналды. Жиында, сондай-ақ қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуы жөніндегі мәселелер де қаралды.

Мемлекет басшысы елімізге әсер ететін сыртқы факторлардың бар екенін айта келе, әсіресе,

текетірістен туындайтын өзекті мәселелерге айрықша мән беруде. Президент Н.Назарбаев биылғы қарашада өткен Астана клубының отырысында халықаралық қатынастардағы жаңа ахуалдың басты сипаттары мен түйткілді тұстары жөнінде сөз қозғады. Танымал сарапшылар қатысқан басқосуда атап өтілгендей, ірі державалар арасындағы карама-қайшылықтың өршуі қазіргі әлемнің тұрақсыздығын күшейтіп,

жөніндегі уағдаластықтарға қатысты жағдай шарықтау шегіне жетті» — деді. Нұрсұлтан Назарбаев сол жиында сауда саласындағы текетірістің салдарынан әлем экономикасы өсімінің төмендеуі қаупі туралы айтып, біржақты экономикалық санкциялар мәселесіне тоқталды. Қазақстан әлемдік сауда саласындағы даулы мәселелерді шешу үшін мүдделі тараптарға Дүниежүзілік сауда ұйымы аясында көпжақты



ТҰРЛАУЛЫ ҰСТАНЫМ

форматтағы келіссөз үстеліне отыруды ұсынды. 2020 жылы


Ресей мен АҚШ арасындағы санкциялық текетірес, Қытай мен АҚШ арасындағы сауда шиеленісі, Сириядағы ахуалға тоқталды. Жиында қорғаныс министрі Н.Ермекбаев Қарулы Күштердің биылғы оқу жылындағы әскери дайындығының және өткізілген оқу-жаттығулардың негізгі қорытындылары, сондай-ақ әскердің жауынгерлік дайындығын арттыру жөнінде қабылданып жатқан шаралардың нәтижелері туралы баяндама жасады. Сонымен қатар жиын барысында қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарын жаңғырту және қорғаныс өнімдерінің жаңа түрлерінің өндірісін игеру жөніндегі ұсыныстар қарастырылды. Айта кеткен жөн, еліміз соңғы кездері ірі державалар арасындағы

оқиғаларды болжап-білу мүмкіндігін азайтып отыр. «Постбиополярлық» деп аталатын әлемдік тәртіп саясат сахнасынан ысырылып, Үлкен Еуразия пішіні көз алдымызда қалыптасып келе жатыр. Президент геосаяси бақталастықтың өршуі жергілікті дағдарыстардың ауқымы мен оларды уысында ұстау деңгейіне кері әсер еткенін айрықша атап өтті. Соның нәтижесінде ауқымды қақтығыстарға ұласып кетуі ықтимал жағдайлардың болу қаупі бірнеше есе өсті. Елбасы осыған орай, «Текетірістің күшеюі жалпы даму мен қауіпсіздікке қатысты жаһандық институттардың тиімділігіне күмән келтіруде. Бүгінгінің басты тренді — стратегиялық тұрақтылықтың негізін «шайқалту». Орта және жақын қашықтықтағы зымырандарды жою

Астанада осы ұйымның министрлер деңгейіндегі кездесуі өтеді. Елбасы бұл ретте «Біз сауда-инвестициялық ынтымақтастықтың бірыңғай әділетті ережесін әзірлеу жағдайдан шығудың жолы деп білеміз. Сонымен қатар сауда саласындағы текетірес проблемасының шешімін Дүниежүзілік сауда ұйымын реформалаудан іздеу қажет», — деді. Еліміз әлемдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті баянды ету үшін сүбелі үлес қосып келеді. Сирия дағдарысын бейбіт жолмен шешуге арналған Астана процесі айқын дәлелі. Сонымен қатар жаһандық экономиканы толғандырған түйінді шешуге белсене атсалысуы да мейлінше құттарлық іс.

Талап ТІЛЕГЕН

АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ



1+3

Дарига НАЗАРБАЕВА, Сенат депутаты:

Балаларға кішкентай кезінен мектепте киберқауіпсіздік туралы білім беруіміз керек. Осы саланың болашағы зор екенін ата-аналар мен балаларға түсіндіруіміз керек. Бұл жерде табыс та жаман емес. Ақпараттық технология мамандарының мемлекеттік органдардағы орташа жалақысы 150-200 мың теңге болса, нарықта миллион тенгеге дейін барады. Еліміздегі 798 нысанда маман жетіспеушілігінен ақпараттық қауіпсіздікке мұқтаж. Оның ішінде 219-ы стратегиялық маңызы бар мекеме.

Тимур ШАЙМЕРГЕНОВ, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі:

«Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы көтеріледі» деген жалған сілтеме тараттық. Оны 6 мың адам оқыды. Осындай әдіс арқылы алаяқтар адамдардың жеке мәліметі мен есепшотын біліп алады. Ерtesіне күмәнді хабарламаларды ашпай, абай болу керектігі туралы хабарлама жібергенімізде, алданғандар саны 60 пайызға азайды. Ал ірі компаниялар маңызды құжаттарын виртуалды әлемнің қарақшыларынан аман сақтап қалу үшін көшірмесін Ұлттық қауіпсіздік комитетіне береді. Өйткені, банк секторы немесе мемлекеттік органдарға күн сайын кибершабуыл жасалады.

Сергей ЖУРАВЛЕВ, ҰҚК ақпараттық қауіпсіздік департаментінің басшысы:

Жекелеген адамдарға тікелей шабуыл жасайтындар да болады. Әуелі әртүрлі сілтемелер жіберіп, оның немен әуестенетінін біліп, психикасын зерттейді. Сосын сол тақырып төңірегінде хабарлама жіберіп, құпия мәліметін алады. Ары қарайғы ісі белгілі. Бүгінде осындай интернет қарақшыларынан қорғайтын 35 мың маманға зәруміз. Ал жоғары оқу орындары қат мамандарды даярлап үлгермеуде.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ
(адам саны/2018)

2,5 млн

2 млн

1,5 млн

28 600

Дереккөзі: Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті

Әлеумет.т⁰



Көлікке мінген көрікті қызды екі баланың анасы деп ойламаған едім. Тұрмыс пен жұмыс туралы әңгімені өзі бастады. Медициналық колледжде оқитын ол күйеуімен 15 жасында танысқан. Содан аяғы ауыр болып қалады. Кейіпкерім Айбарша алдында түсікке баруды ойластырғанмен, артынан болашақ жарымен ақылдаса келе босануға бел буыпты. Жиырма жасында екі сәбидің шуағына шомылған ол жастай тұрмысқа шыққанына өкінбейді. Ал кезінде түсік жасатқанда қазіргі өмірі қалай болар еді? Осындайда түсік төңірегіндегі әңгімеге түрлі көзқарас барын байқайсыз. Елімізде «16 жастан бастап түсік жасатуға заңмен рұқсат етілуі мүмкін» деген әңгіме шыққалы бері жұрттын жүйкесі жұқарды. «Бұл әлемде бар

Елімізде кәмелеттік жас — 18 жас. Ресейде — 14 жас. Жалпы, осы жастағы адамға бала ретінде қарау — қате көрінеді. Мәселеге мән берген денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов «16 жастағы қыздарға ата-анасының рұқсатынсыз түсік жасатуды» халықпен бірге талқылаған соң ғана шешім қабылданындығын жеткізді. Бұл да дұрыс шешім болуы әбден мүмкін. Ал профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Сарап Қоңырбаева: «Мұны мүлде дұрыс деп санамаймын. Бұл ұсыныс тәрбиеге немқұрайды қарамайтын адамдардың да қарсылығын тудырып отырған болуы керек. Ресейлік тәжірибе бізге үлгі болмайды ғой. Діні де, құндылықтары да, өмір салты да бізге ұқсамайтын елдің істегенін қайталай беру, мемлекеттің

ӘЗІРГЕ ҰСЫНЫС

тәжірибе, қазір аякасты бала көтеріп қалған қыздар көбейді» деген сынайда пікір білдірген шенеуніктер осы заң арқылы жүктіліктің ерте кезеңінде тиісті медициналық көмек алуға мүмкіндік болатынын құлаққағыс жасауда. Бір қарағанда жақсы бастама секілді. Мысалы, Батыс елдерінде мұндай заң ерте жүктіліктің, суицидтің алдын алуға септігін тигізуде. Ал біздің ұлттық менталитеттің маңдайындағы бағы — иман, ар-ұят, абыройға ешкім дақ түсіргісі келмейді. Қазіргі заңда көмелетке толмаған қыздарға медициналық көмек көрсету үшін ата-анасының немесе заңды өкілінің келісімі керек. Адам тағдырына деген алаңдаушылықтың бір нұскасы осы. Өкінішке қарай, елімізде ерте жүкті болған қыздар қатары азаймауда. Былтыр 3,5 мыңға жуық жасөспірім қыздың аяғы ауыр болып қалған. Байқаусызда аяғын шалыс басқан қыздармен жұмыс істейтін 105 жастар орталығының қызметі толық пайдаланылмауда. Осындай оқиғаларға Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдігі де алаңдаулы. Мысалы, Қытайда 1000 қыздың екеуі ғана босанса, бұл көрсеткіш бізде — 36.

белеліне нұқсан емес пе? Үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбиені біліммен қатар қарастыратын артықшылығы бар елміз ғой. Жасөспірім қыздарға түсік жасату — тіпті ата-ананың рұқсатымен болғанның өзінде, мәселені шешудің дұрыс жолы емес. Жасанды түсік жасатуға жол көрсеткенше, тәрбиеге баса назар аударуымыз керек. Тәрбиедегі басты құндылығымыз — ата-ананы тыңдау, сыйлап, құрметтеу болса, қыздарға ата-анасының рұқсатынсыз түсік жасатып, көмек беру арқылы оларды өз отбасынан, ата-анасынан бездіруге мүмкіндік береміз. Егер түсік жасатуға, мүшеқап таратуға рұқсат берілсе, одан сорақылық көбеймесе, азаймайды. Алдағы уақытта «қызым үйде — қылығы түзде» қағидасының эмоциялық емес, әрекеттік қасиетін тартады», — дейді. Әзірше елімізде талқылау жүріп жатыр. Сондықтан әліптің артын бағайық.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ



Деп салды...

Жақсылық ДОСҚАЛИЕВ, трансплантолог:

«Мәйіттік донорды дамытуға біріншіден, инфекция, екіншіден, қоғамдық сана кері әсерін тигізіп тұр. Біз тек үлкен конференция, жиындарда ғана емес, отбасылық басқосуларда да мәйіттік донордың тиімділігін айтуымыз керек. Заң бойынша адам донор боламын немесе болмаймын деп қолхат жазып көте алады. Ал бұл құжат болмаса, дәрігерлер еш рұқсатсыз адамның ағзасын ала алады. Дегенмен, біз 18 миллион халықпыз, бір-бірімізді танимыз, білеміз. Сондықтан келісім жасап, ағзаны алып жүрміз»



Қызықстан қызықтары

«СИҚЫРЛЫ СҮЗГІ»

«Астана су арнасы» тұрғындарды пәтер араламаса жүре алмайтын алаяқтардан сақтандыра бастады. Бұл туралы Tengrinews.kz хабарлады.



Соңғы уақытта Елордада өздерін сарапшы санайтындар су тазалағыш сүзгілердің жарнамасын жасап жүр. Тазартылған су орнына басқа суды көрсетіп бас қатырады. Олар тіпті су сүзгілерін пәтерде тексеруді де ұсынады. Сенімге кірген соң көзбояушылар секілді бар өнерін көрсетеді. Максаты — қалайда сүзгіні сату. Олар «денсаулықты күту үшін» деген желеумен қымбат құралды сатып алуы ұсынады. Араларында өзін «Астана су арнасы» мемлекеттік кәсіпорнының өкілі ретінде таныстыратындар бар екен. Осыған байланысты компания ешқандай тұрмыстық су сүзгісін орнатпайтындықтарын хабарлайды. Есесіне, сиқырлы сүзгіні ұсынағандардың құралы қауіпті болуы мүмкін.



Дәулетхан Қыдырбайұлы: Шаттық Тынымбайұлы, бұрынырақта сіздердің агенттіктеріңіз мынадай апарат болды. Қазақстанның экономикасына сыбайлас жемқорлықтан келген шығынның көлемі 1 триллион теңгеден асады. Бұл жалпы республикалық бюджеттің 10 пайызы екен. Осындай жемқорлықтың алдын алу мүмкіндіктері бар ма? 1 триллион деп есептелген шығын қайдан шықты?

Шаттық Өтеев: 1 триллион теңге залал келуі мүмкін деп мысалды келтірілген шығар. Ол болжам түрінде айтылған болар. Неге десеніз, ол халықаралық деңгейлерде де есептеледі.

ДӨП пікірсайыс клубының бүгінгі тақырыбы – жемқорлық мәселесі. Қазіргі таңда өлімізде жемқорлықпен күрес қалай жүргізіліп жатыр, миллиардтаған ақшаны қалтасына басатындарға қалай тосқауыл қоюға болады? Жемқорлық қай салада өршіп тұр? Осы секілді өзекті сауалдар төңірегінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы басшысының орынбасары Шаттық Өтеевпен журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы сұхбаттасты.

Шаттық Өтеев: Енді толықтай алғанда көпшілігі, қылмыстық істің басым бөлігі тіркелетін сала – жергілікті атқару органдары. Оның 29 пайызы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің үстінде. Қазақстан бойынша 14 мемлекеттік бағдарлама бар. Айта кететін болсақ, «Білім және ғылым», «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», «Жұмыспен қамтамасыз ету» осы сынды бағдарламаларға миллиардтап қаржы бөлінеді. Осы салаларда 324 қылмыс тіркеліп отыр. 1 миллиард 900 миллион теңгеге залал

KÓKEIKESTI

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



өзінің жаман ойын іске асыру арқылы пайда табу үшін заңсыз әрекетке барып жатқан жағдайлар кездеседі.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Мынандай нәрсе бар тағы да. Миллиардтап ұрлағандар құтылып кетеді. Ал миллиондап, болмаса мындап ұрлағандар тұтылып жатыр. Халықты осындай нәрсеге қаншалықты сендіре аласыз. Жок, олай емес деп қалай айта аласыз?

Шаттық Өтеев: Қылмыстық кодекстің 206-бабы бойынша әрбір тергеу амалдары құпия болып есептеледі. Сондықтан тергеу амалдары кезінде жинақталған фактілер арқылы сотқа ұсынылады. Сот процесі кезінде, бәлкім, қосымша ақпараттар шығуы мүмкін. Оларды

Алматыдағы Жетісу ауданында орналасқан «Самал» базары өртенді. Әзірше оттың неден тұтанғаны белгісіз. Ал кәсіпкерлер мен базар басшылығы материалдық шығынды есептеу үстінде.

АЩЫ ТҮТІННІҢ ӘУРЕСІ



Базар өртенгені туралы суыт хабар өрт сөндірушілерге түскі сағат 1 шамасында түскен. Тосын оқиға болған жерге 63 өрт сөндіруші мен 17 арнайы техника жіберілген. Тілсіз жау 150 шаршы метр аумақты күлге айналдырды. Кәсіпкерлердің дүние-мүлігі көз алдыларында жанып кетті. Осылайша, базарға жапсарлас салынған 9 дүңгіршектің жетеуінің түгі қалмаған. Онда азық-түлік сататын орындардан бөлек, асхана, ломбард, ақша айырбастау пункті орналасыпты. Сауда орындарын жалға алушылардың шығынды кімнен өндірірі әзірге белгісіз.

БАЗАРЫ ЖАНЫП, КҮЛІ ҚАЛДЫ

Жамбыл облысының орталығы Тараз қаласында «Ауыл-Береке» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің базарында халық тұтынатын тауарлар сататын үш сауда контейнерінде өрт болды.



Қызыл жалынды сөндіруге Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаменті қалалық бөлімшесінің 39 өрт сөндірушісі мен 10 техникасы жұмылдырылды. Тілсіз жаудың неден шыққаны әзірше белгісіз.

ШЫҒЫН ШАШ ЕТЕКТЕН



Алматы облысының Іле ауданына қарасты Түймебаев ауылындағы «Ащыбұлақ» әмбебап құрылыс базарының аумағындағы өрт туралы хабарлама тиісті орындарға сағат 4:43-те түскен.

Қызыл жалын сағат 8:38-де толық сөндірілген. Құрылыс материалдары жиналған 1400 шаршы метр алаңдағы 43 контейнер жанып кеткен. Зардап шеккендер мен құрбан болғандар жоқ. Өрттің шығу себептерін анықтау үшін Талдықорған қаласының өрт-зерттеу зертханасы келген. Материалдық шығын мен өрттің себептері анықталуда. Бұл оқиғадан соң ондаған кәсіпкер тақырға отырып қалды.

Дияра МҰХАМЕДЖАНОВА,
студент

КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН ҚЫЛМЫСТАР БАР



Өйткені біз көлеңкелі экономиканың қалай жүргізілетінін білмейміз. Себебі көзге көрінбейтін экономикалық қылмыстар бар. Халықтың көзіне көрінбейтін, шығыны есептелмейтіндері де болады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сіздің «көзге көрінбейтін қылмыс» деп отырғаныңыз қандай қылмыстар?

Шаттық Өтеев: Көзге көрінбейтін деп айтар болсам, мысалы анашаның, нашакорлықтың, есірткінің ел экономикасына қаншалықты залал келтіріп жатқанын есептеу қиын. Солай ғой! Кәсіздік өнімдер, контрабандалық өнімдер, заңсыз айналымға түсетін тауарлар болады. Сонымен қатар кеңінен таралған заңсыз ойын автоматтары бар. Міне, осылардың барлығы көзге көрінбейтіндер.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Жана өзіңіз айтқан үлкен көлемдегі сомалардың шығып кетуі бұдан басқа да салаларда бар ма? Қандай сала көбірек жемқорлыққа жол беріп жатыр?

Шаттық Өтеев: Бүгінгі таңда ұлттық бюромен 2361 қылмыстық іс тіркелген. Оның 1726-сы – жемқорлыққа қатысты қылмыстық істер. Яғни олардың іс-әрекетімен мемлекетке келген залал 14 миллиард 400 миллион теңге. Оның 12 миллиард 800 миллионы бүгінгі таңда өндіріліп отыр. Осы жасалған 1726 сыбайлас жемқорлықтың 57 пайызы паракорлыққа тең. Яғни – 979 факты. Жартысынан астамы – паракорлық. Ал оның 3/1 бөлігі жалпы жемқорлықтың ішіндегі 3/1 жымқыру. Мемлекеттік қызметкерге сеніп тапсырылған мемлекеттік қаражатты жымқырып, өз пайдасына шешкен фактілер. Пара беруші де, пара алушы да қылмысқа тартылады. Жана айтып өттім ғой, 1726 жемқорлық қылмыстардың 57 пайызы жемқорлыққа төн. Оның ішінде пара беруші де, пара алушы да бар. Бәрі қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Осыларды салаға бөліп айта аласыз ба? Қай салалар? Қаржы министрлігі ме, экономика министрлігі ме? Әлде мәдениет министрлігі ме, болмаса әкімдіктер ме?

келіп, оның 1 миллиард 700 миллион теңгесі өндірілді. Бюджетке қайтарылды. Бүгінгі таңда осындай мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында мемлекеттік қызметкерлермен туындаған осындай 324 қылмыстың беті ашылды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Бұған дейін менің әріптестерімнің, жалпы халықтың арасында «тек қана шабақтарды ұстайды, шортандар ешқашан қармаққа ілінбейді» деген пікір бар еді. Бірақ соңғы 2-3 жылда «шортанның» көкесін көріп отырмыз. Яғни үлкен министрліктегі лауазымды қызметкерлер жемқорлықпен, паракорлықпен ұсталып жатыр. Былай қарап тұрсақ, сіздер солардың қаншамасын құрықтап жатқандарыңызбен, қамап жатқандарыңызбен жемқорлық, паракорлық тыйылған жоқ. Себебі неде? Бізде әлі де болса заң солқылдақ па?

Шаттық Өтеев: Дүниежүзінде сыбайлас жемқорлықты жеңген бірде-бір ел жоқ. Бұрын қаржы полициясы кезінде экономикалық және жемқорлық қылмыстармен де бір орган айналысатын. 2014 жылдан бастап екіге бөлініп, жемқорлықпен күресу ұлттық бюроға жүктеліп, мамандандырылуының арқасында бүгінгі таңда жемқорлықпен күрес нәтижесін беруде. Жетістік деп айтуға келмес, дегенмен, оның ар жағында отбасы бар, тағдыр бар, басқа да мәселелер бар. Сондықтан ондай жолды болдырмау үшін үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда жемқорлыққа қарсы күрес өткен жылы 15 пайызға, биыл 7 пайызға азайды. Алдын алу шаралары бізде жүзеге асырылып жатыр.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Қылмыстың саны азайғанымен, сапасы артып кеткен жоқ па? Байқасаңыз, тек миллиардтармен ғана ұсталатын болып жүр. Мыңдаған, жүз мыңдаған еуромен ұсталатындар бар.

Шаттық Өтеев: Жалпы мемлекеттік қызметкерлердің бүгінгі қылмыстың көзін есептегенде, шамамен 0,5 пайызға ғана мемлекеттік қызмет істері бойынша қозғалып отыр. 0,5 пайыз. Ол – адами фактор. Заң жүзінде оған тыйым салынған. Мемлекеттік қызметкер

айыптаушыларынан басқа бірдеңе шығуы мүмкін. Жана өзіңіз айтып жатқандай, біреу 100 мың теңгемден қатты жаза алады да, көп сомамен ұсталғандар аз жаза алады. Бұл сот процесі кезінде, басқа да бір тергеу кезінде білінбеген ақпараттар шығып қалуы мүмкін. Сол кезде сот өзінің ішкі сенімі арқылы шешім қабылдайды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Жалпы паракорлықпен ұсталған адамды ақтап алуға бола ма?

Шаттық Өтеев: Паракорлықпен ұсталған әртүрлі адам болады ғой. Бұл кезде лауазымды болды ма, болған жоқ па, тергеу кезінде көп нәрсе анықталады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Оффшорға – шетелге кетіп жатқан ақшалар санын БАҚ жариялап жатыр. Ресми органдар жариялаған соң, ол бұқаралық ақпарат құралдарында жария болады. Оның алдын алу мүмкін бе? Жалпы шетелге шығып кетіп жатқан ақшалар қандай жолмен жүреді? Белгілі бір 1-2 деген жолдары бар ма?

Шаттық Өтеев: Өзіңіз білесіз, әр адам шетелге ұшатын кезде тиісті декларация толтырады. Егер қалтасындағы қаражат 10 мың доллардан асатын болса. Сол себептен де әр электронды форматта өткен ақша қадағалауда тұрады. Мүмкін мынадай жолдар болуы мүмкін. 200 миллион теңгеге оффшорный зонада мекеме құрылады. Ол жактың заңы бөлек. Қазақстанмен екі келісімшарт жасайды. 200 миллион теңгеге мынадай тауар әкеліп беремін немесе мынадай қызмет түрін ұсынамын деген Қазақстан компаниясымен келісімшарт жасалады. Сосын ол 200 миллион теңгесін сол жаққа аударады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Бір қарасаңыз, бәрі заңды...

Шаттық Өтеев: Иә, заңды. Енді Қазақстанда тұрған заңды тұлға оны қаншалықты іске асырады. Сол бағытта. Мүмкін ол қызметін көрсетпей, 200 миллион теңге оффшорда қалып, нақты жолдармен басқа ақшаға ауысып келуі мүмкін. Ал бірақ қызметін көрсетпеуі мүмкін. Сондай жолдар болмаса, ақша заң жүзінде қадағаланып отырады.

Салық жыры (хикая)



Салық маманы:

Үй алғанды білесіздер, Көлікке мініп жүресіздер. Енді мүлік салығын, Көшітірмей төленіздер!

Тұрғын:

Иесі екем жүзге тарта көліктің, Ешкімге айтап мініп оны жүріппін. Айтуынша, соттың мен, Төлемепін салықты, Жазалайды халықты. Жоқ көлікке салықты қойда енді төлеймін Жүз көліктің иесін, Кім екенін де білмеймін.



Депутат:

Жібергенде халыққа ескертуі, Ақпараттар мұқият тексерілісін. Дүние-мүлкі, көлігі, тағы басқа, Мүліктері шынайы ескерілісін. Ескертуден қате кетпесін, Халық зордап шекпесін!





E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Қаржы

Осы аптада мына жаңалық жұртты елең еткізді: Англияның Жоғары соты америкалық банктің Ұлттық қорымызға тиесілі активтерді бұғаттауы қаншалықты заңды екенін қарастырады. Бұл, әрине, әкелі-балалы Статилердің ұзаққа созылған шырғалаңымен байланысты.

Англиядағы Коммерциялық соттың судьясы Тир мырза «дауды шешуге ағылшын сотының құзыреті жоқ» дей келе, молдовалық олигархтар Анато́л және Габриэль Статидің, Ascom Group SA және Terra Raf Trans Trading Limited («*Стату*») компанияларының өтінішін кері қайтарды.

қарсы ісі бойынша 2013 жылы Стокгольмдегі Сауда палатасының Арбитраждық институты

млрд доллар көлеміндегі активін бұғаттады.

Бұған Статидің Лондондағы BNYM бөлімшесінде сақтаулы активтерді алдын ала бұғаттау туралы Бельгия сотының шешіміне қол жеткізгені негіз болды. Дегенмен кейінірек әлгі сома (22 млрд доллар) 530 млн долларға дейін азайтылды.

Еліміз Бельгия сотының алдын ала бұғаттау жөніндегі шешіміне қарсы талап қойып, Лондондағы BNYM бөлімшесінің

Қазақстан Республикасының алдында міндеттемесі жоқ екені мәлімдеді. 2018 жылғы 25 мамырдағы шешімінде бельгиялық сот «Осы мәселені қарастыруға Англия соты құзырлы» деп көрсетті.

Осыдан кейін еліміздің Ұлттық банкі активтердің мемлекетке емес,



жанындағы Арбитраждық трибуналының шешімін мойындау және орындау шеңберінде шығарылды.

Жер-көкті шулатып жүрген Статидің алаяқтық ісі туралы бұрын да жазғанбыз. Бұлар елімізде жұмыс істегенде заем алып, облигация орналастырған.

«СТАТИ ІСІ»: ӘДІЛДІК ЖЕҢЕДІ!



Ұлттық банкке тиесілі екендігі туралы шешімге қол жеткізу мақсатында ағылшын сотына жүгінді. Соған байланысты ол активтер бұғаттауға жатпайтын еді.

Әкелі-балалы Стати ағылшын сотының шешіміне өз уәжін кесе-көлденең тартты. Дегенмен Тир судья олардың уәжине құлақ асуды жөн көрмеді. Оның айтуынша, ағылшын соты анықтайтын негізгі мәселе «Лондондағы BNYM бөлімшесі қандай активтерді (егер ол бар болса) Қазақстан мүддесіне сай сақтап отыр» дегенді анықтауға келіп тіреледі. Бұл өз кезегінде Бельгия сотының бұғаттау жөніндегі шешіміне айтарлықтай ықпал етуі тиіс.

Әділет министрі Марат Бекетаев осы жәйтке қатысты мынадай түсініктеме берді:

— Статилер өздерінің алаяқтығы Англияда әшкереленеді деп қорқады. Сондықтан мәселенің Англияда емес, басқа жақта қаралуына мүдделі. Олар қандай қадамға барса да, жақын арада әділ сот еліміздің аса күрделі алаяқтық схемадан зарлап шеккенін анықтайды деген сенімдеміз. Біз Статилердің нағыз бет-бейнесі әшкере болған сәтті тағатсыздана күтеміз. Бұған Англияда көз жеткізуіміз мүмкін.



Талап ТЛЕГЕН

Серіктестік

Жуырда «ҚазМұнайГаз» және «Лукойл» компаниялары «Жеңіс» жобасы бойынша бірлесіп жұмыс жүргізу және оны қаржыландыру жөнінде келісті. Келісімге «ҚазМұнайГаз» басқарма төрағасы Алик Айдарбаев пен «Лукойл» президенті Вагит Алекперов қол қойды. Тараптар жобаны жүзеге асыру шарттарын пысықтады.

КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Ресейлік «Лукойл» компаниясы «Жеңіс» және I-P-2 жобаларына үстіміздегі жылдың сәуір айында қызығушылық танытқан еді. Жаңа учаскелер Каспий қайранындағы қазақстандық аумақтың онтүстігінде орналасқан. Оған жақын маңда «ҚазМұнайГаз» бен «Лукойлдың» бірлескен кәсіпорындары — Орталық («*Лукойл*» мен «*Газпрофет*» — 25 пайыздан), Хвалынское («*Лукойл*» — 50 пайыз) кен орындары бар.



«Жеңіс» жобасына «Лукойлдың» енуі Каспий теңізіндегі қазақстандық бөліктің көмірсутегі жағынан тартымды екенін, компаниялар арасындағы стратегиялық серіктестіктің нығаю тускенін айғақтайды.

«Жеңіс» учаскесі 75-100 м тереңдіктегі дәлелденген көмірсутегі қоры бар кен орындарына жақын орналасқан. Жағалауға дейінгі арақашықтық — 80 шақырым. Ақтау портына дейін — 180 шақырым. Аумағы — 6 848 шаршы шақырым.

Айта кету керек, «Лукойл» елімізде 1995 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Компания Теңіз, Қарашығанақ және Құмкөл кеніштерін, Каспийдегі Орталық кен орнын игеруге атсалысуда. Каспий құбыр желісі консорциумы жобасына қатысады.

Каспийдің ресейлік бөлігінде компания 10 кен орнын ашқан. Олардың жиынтық қоры 1 млрд тоннадан астам шартты отынды құрайды.

(өз тілшіміз)

Жаңа отын

Атырау мұнай өңдеу зауытында дизель отынының жаңа түрі шығарыла бастады. «Kazazar-32» деп аталатын отынның бұл түрі қатты

аязға да төтеп береді.

«KHAZAR-32» АЯЗҒА ТӨЗІМДІ



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы орынбасары Данияр Тиевтың айтуынша, сапасы жағынан ол К5 түріне жатады. Құрамында күкірт аз, яғни экологиялық жағынан таза.

Жаңа өнім зауыттағы мұнайды терең өңдеу кешенінде шығарылды. Бұл еліміз бойынша ең ірі технологиялық кешен саналады. Онда К4 және К5 тобына сай мотор отыны өндіріледі. Сондай-ақ ол Атырау МӨЗ-інде мұнай өңдеу көлемін 5,5 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Бұл — отандық МӨЗ-ді модернизациялау шеңберінде қол жеткізген жетістік.

Әйгерім ТЕМІРФАЛИЕВА

Тасымал

Каспий құбыр консорциумы (ККҚ) биылғы қаңтар-қараша айларында 55,129 млн тонна мұнай экспорттады. Бұл көрсеткіш бытырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 10,45 пайызға артық. Өткен жылы 55,107 млн тонна жөнелткен болатын.

ЭКСПОРТТЫ АРТТЫРДЫ

ККК дерегінше, қараша айындағы мұнай экспорттау көлемі 5,154 млн тоннаға жетті (2017 жылы — 5,001 млн тонна).

Каспий құбыр консорциумы қазақстандық «қара алтынды» Ресей аумағы арқылы экспорттау үшін құрылған. Консорциум иелігіндегі 1,5 мың шақырымды құрайтын «Теңіз — Новороссийск» құбыр желісі еліміздің батысындағы мұнай кендерін Қара теңіз жағалауымен байланыстырады.



Қор қызметі

Биылғы жылдың 16 қарашасында «Проблемалық несиелер қоры» АҚ мен «Оңалту және активтерді басқару компаниясы» АҚ екеуін қосып, қорды қайта құру туралы Үкімет қаулысы қабылданды.

Қайта ұйымдастыру шаралары негізінде қор банктердің проблемалық активтерін сатып алу арқылы ұлттық экономиканы сауықтыруға септесіп, несие бойынша берешекті өндіру, сондай-ақ активтерді басқару жұмысын жүргізеді. Еліміздің қаржы вице-министрі Берік Шолпанқұлов бұл жөнінде былай дейді: «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бұл қайта құру экономикаға мемлекеттің қатысуын азайту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар аясында біздің министрлікке бағынышты ұйымдарды онтайландыруға септігін тигізеді. Мақсат — қайталанатын қызметтерді болдырмау және шығындарды азайту. Сонымен қатар, ресурстарды шоғырландыру есебінен қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін бағынышты ұйымдардың біртекті активтерін біріктіруді көздейміз».



Біріктіру нәтижесінде проблемалық несиелер қорының негізгі бағыттары анықталады. Ең әуелі екінші деңгейдегі банктердің және банк қызметін атқарған заңды тұлғалардың активтерін сатып алу арқылы банк саласындағы ахуалды жақсарту көзделіп отыр. Одан кейін сатып алынған активтерді экономикалық айналымға қосу міндеті тұр. Үшіншіден, бюджет несиелерін, мемлекеттік кепілдемелерді орындау барысында

республикалық бюджеттен жұмсалған қаражаттарды өндіру қажет. Ең ақырында салалық және кедендік төлемдер бойынша берешекті жабу есебінен өндірілген мүлкті сатып алу міндеті тұр.

«Бірінші бағыт бойынша 2017 жылдың шілдесінде 2,6 трлн тенгеге БТА активтері сатып

алынды. Ол қаржы жұмыс орындары мен халықтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттік компаниялардың депозиттерін сақтауға, несие беру төмендеуінің алдын алуға мүмкіндік берді», — деді вице-министр. Екі ұйымды біріктіру 2020 жылға дейін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдеріндегі сияқты, экономикадағы мемлекеттің үлесін 15 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Боямасыз өмір

Бұл мақаланы редакцияға студент қыз алып келді. Өз басынан көшірген оқиғаны баяндаған ол өмірде көздесетін жағдайды шынайы суреттеген. Мақала жастарды жат әдеттен сақтандыру мақсатында жарияланды. Автордың көзқарасы мен жазу мәнері сақталды. Кейіпкерлердің аты-жөні өзгертіліп алынды.

«ЖЕТІМ БҰРЫШ»

Қантардың суығы бүйірімді тесіп барады. «Жетім бұрыш» аталып кеткен қарғыс атқыр бұрышқа тағы келіп тұрмын. Бүгін — үшінші күн. Сандалып, сабылған жұрт. Қытайда тігілген жүп-жұқа аяқ киімнің табанынан сыз өтіп, өн бойым жылынар емес. Пәтерін жалға берушілердің айтуынша, мұнда алаяқтар көп көрінеді. Жанымда құрбым Гүлдана бар. Бір кезде қасымызға ұзын етекті, басына хиджаб киген жылы жүзді қыз келді. Есімі — Айтолқын. «Сендерге пәтер керек пе?». Біз бас изедік. «Менің қасыма өздерің сияқты жібі түзу қыздар керек еді», — деді ол. Пәтерінің суретін көрсетіп, бағасын айтты. Тәуір көрінді. Бірден келістік.

АЙТОЛҚЫННЫҢ АЙЛАСЫ

Өз басым Айтолқынға имандай сендім. Алла жолында жүрген, хиджаб киген жанға күдік келтірудің өзі күнә сияқты. Ол: «Киім үлгіме қарап жаман ойлап қалмандар! Адасып, басқа жолда жүрген адам емеспін», — деп ескертіп те қойды. Жылы пәтер, ыстық ас — бізді өз үйімізге келгендей үйіріп кетті. Шай ішіп отырып әңгімелестік. Айтолқын бізге еңбекқор қыз болып көрінді. Оқуын оқып, жұмысын істеп, үйіне ақша жіберіп отырады. Былай айтқанда, жап-жас қыз ауылдағы ата-анасының жағдайын жасап отыр. Бізден екі-ақ жас үлкен болса да, әпкеміздей, үлгі тұтар кісіміздей көрініп кетті.

Айтолқын күндіз-түні жұмыста. Бір үйде тұрсақ та, бір-бірімізді сирек көреміз. Гүлдана екеуіміз үйге келген соң сабаққа дайындалып, ерте ұйықтап қаламыз. Уақыт өтіп жатты. Бірте-бірте Айтолқын бұрынғыдай емес, көңілсіз жүретін болды. Саябақта серуендеп, үйге кештеу келсек, Айтолқын пәтердің қабырғасына түсініксіз жазуы бар суреттер іліп тастапты. Өзі бірдеме оқып, күбірлеп жүр. Мазасы болмай тұрған соң, назар аудармадық. Ертеңіне құрбымның отбасында бір жағдай болып, ол біраз уақытқа ауылына кетіп қалды. Бөлмеде жалғыз екенімді білген Айтолқын бірге отырып ас ішуге шақырды. Ыңғайсызданып, бас тарттым. Қайта-қайта шақырды. Өзі көңілді екен. Тамактанып отырып әңгіме айттық.

Біздің онаша қалуымыз бірнеше күнге ұласты. Тіпті бауыр басқандаймын, онымен әңгімелескен ұнай бастады. Өзім негізі ашық-жарқын адамдармен тез тіл табысып кететінмін. Әңгіме айтсам ағымнан жарылып, бар сырымды ақтарып қоятын анқаулығым тағы бар. Жатырқап, жатсыну деген мінез жоқ. Айтолқынға осы қасиетім ұнапты. Күннен-күнге әңгімеміз жарасып жүрді. Жұмыстан ерте қайтағынды шығарды. Құр келмей, маған тәтті-тәмелек, шоколад алып келеді. Менің тәтті құмар екенімді біліп, алса керек. Өзім де оны асыға күтетін болдым. Таңды таңға жалғап сырласатын жақын құрбыға айналып кеттік. Айтолқынның мен туралы көп білгісі келетінін байқадым. Сұрағанының бәрін айттым. Бір күні Гүлдана да келді. Сағынысып қалыппыз. Өткен-кеткенді айтып отырғанбыз. Бір кезде есікті тарс еткізіп ашып, аяғын қатты-қатты басып Айтолқын келді. Сырт киімін шешпестен бөлмесіне кіріп кетіп, содан біразға дейін шықпады. Телефонмен сөйлесіп, біреулермен ұрысты. Екі сөзінің бірі — «Субхан Алла!». Бір кезде өксіп жылады. Гүлдана екеуіміз оны сырттай бағып, бөлmemізде отырмыз... Жұбатайық деп қасына бардық. Түсі сұрланшы, өңі қашып кетіпті. Көзі бір нүктеге қадалып, екі иығы теңселіп отыр. Сыртынан қарағанда, сондай қорқынышты. Бейне жын ұрған адам сияқты. Ол есін жиып, бізге «жағдайым жақсы уайымдамандар!», — деді. Содан кейін «Жұмыстағы ағалар ғой, фитнес шығарып жатқан. Мен де қарап қалмаймын! Көрсетемін оларға», — деді теспініп. «Фитна» дегенін кейін түсіндік, арабша «бүлік шығару» деген сөз екен.

Ертесі сабақтан келсек, Айтолқын ас әзірлеп жүр. Әдетте мұндай кезде үйде болмайтын. Өзі көңілді. «Қыздар, дастарханға келіңдер!», — деді бізге. Қазанға балық асып қойыпты. Дәрістен нәр татпай келген студентке үйдің асы бөлек қой, шіркін! Сорпасын құйып берді. Иісі мұрын жарады. «Қарындарын ашқан шығар? Сендерге арнап дайындадым», — деп, бізге жігі-жапар болып жатыр. «Кешегі қылығым үшін кешірім сұраймын. Қорқып қалмадыңдар ма?», — деп өзін жуып шайған болды. Бір қызығы, ол әлгі нән балықтан нәр татпады. Гүлдана да жарытып жемеді. Балықты ұнатпайды екен. Ал, мен сияқты Каспийдің қызы үшін балықтың

жөні бөлек қой! Айтолқын: «Балықты жақсы көреді екенсің ғой. Бұл саған арналған тамақ. Бір қазан қылып пісірдім. Қалағанынша іш», — деді.

ОҚЫТЫЛҒАН СУДЫҢ АЗАБЫ

Үйде Айтолқынмен әңгімесі жарасатын мен ғана. Гүлдана екеуінің жұлдызы қас. Оңаша шақырып алып, үнемі бірдеме береді. Сенбі күндерінің бірінде үйде Гүлдана жоқ еді. Айтолқын бес литрлік құтыдан су құйып берді. Ішінде арабша жазылған қағаз бар. «Мынаны ішіп ал, ішінді тазалайды», — деді. Мен бірдеме

жоқ па еді?». «Ол интернетте отырмайды. Оларға ғаламторға шығуға болмайды», — деп қысқаша қайырды.

ДАУДЫҢ БАСЫ

Тұрақты жұмысы болмаған соң, әр жерден нәпақа теру Айтолқынға ауыр тиген болуы керек, жүйкесі де сыр бере бастағандай. Гүлдана екеуімізге себепсіз ұрыса беретінді шығарды. Сөз қайтарып береке таппайсың. Ондайда «Субхан Алла» деп көзін қадағанда үрейің ұшады. Оның не бір сырласатын құрбысы да жоқ. Кейде бұл қыз қалай жалғыз өмір сүріп жүр деп ойлайтынмын.



Коллаж: Галия КАЛИЕВА

ДУА мен ДАУА
НЕМЕСЕ АЙТОЛҚЫННЫҢ АЙЛАСЫ

айтайын деп едім, ол сөзімді бөліп «Бірінші асқазаныңды, содан кейін адамның ішінде жын болады. Бұл соны тазалап, шығарады. Өзім де ішемін, жақсарып қалдым», — деп, суды аузыма тосты.

— Неге сарғайып кеткен? — дедім.
— Жазу маймен жазылғандықтан, суға сініп, сарғайып тұр.

Бұрын Айтолқын басымыз қосыла қалғанда, діни әңгімелерді жиі айтатын. Көкейімде жүрген сауалға жауап тауып, діни біліміне қызығатындықтан, айтқанына күдіксіз сенемін! Суды да күдік-күмәнсіз ішіп алдым. Сол күні түнде Айтолқынның даусынан шошып ояндым. Анасына айғайлап ұрысып жатыр. «Сендерді көрмеспін, үйге де бармаймын. Мен жоқпын! Мені ұмытыңдар! — дейді зіркілдеп. — Анаған айт: көп іше бермесін! Ит құсап көшеде не істеп жатыр? Көрші Азамат хабарласып айтты».

Имани әңгіме айтып жүрген адамның анасына ұрысып сөйлегені маған ұнамады. Орамал тағып, намаз оқып жүрген қыздың мұндай мінезі көңіліме ауыр тиді. Оның тосын қылығынан үрейленіп жатып, ұйықтап кетіппін.

Соңғы уақыттары көп ұйықтай беретін болдым. Ештеңеге зауқым жоқ. Жата бергім келеді. Оның үстіне, түсініксіз түс көріп, жиі бастырылып қалып жүрдім. Сабаққа бармаудың қырық сылтауын ойлап тауып аламын. Төрт қабырғаға қамалып қалғандаймын. Бөлме іші түнеріп тұратын болды. Бұрын далада көп серуендеп, кітап оқып, театр мен киноға барудан жалықпайтынмын. Ауру адамның кейпіне еніп кеттім. Ал Айтолқын кейде момын, кейде жын ұрған жандай көрінетін болды. Қысқаша айтқанда, бірде — бүйе, бірде — түйе. Ол мінезіне де әбден үйрендім. Қыстың көзі қырауда басқа барар жер жоқ. Үйім 3 мың шақырым шалғайдағы Маңғыстауда. Бойымда сиқыр бар сияқты, Айтолқынның қасынан кеткім келмейді.

Ертеңіне түсте орнымнан әрең тұрдым. Байқаусызда айна алдындағы Айтолқынның сөмкесін құлатып алдым. Көтеріп жатқанымда ішінен суреттер шығылып қалды. Арасында менің әлеуметтік желіге соңғы жариялаған суреттерім де жүр. Аң-таң қалдым! Ол мұның бәрін не үшін шығарып алған? Не істемек ойы бар? Ол бір жерге шығып бара жатыр екен. Менің түрімді көріп абырап күліп жіберді. «Саған айтқан едім ғой, бір ақи жігітпен таныстырамын деп. Сол жігіт сенің суреттеріңді сұратып еді. Түрінді көргісі келеді», — деді. «Оның телефоны

Көктем келіп, оқу орнымыз бірнеше күнге демалыс берді. Менің уайымым Гүлдана қасымнан кетеді, Айтолқынмен жалғыз бірге тұруға тура келіп тұр. Содан Айтолқын алқынып-жұлқынып үйге келді. Сүйінші сұрап, жұмыс тапқанын айтты. Мен де қуанып жатырмын. Сөйтсем, оның ойы маған да жұмыс тауып бермекші екен.

— Не жұмыс? — дедім.
— Тауар тасимыз, — деді.
— Қажеті жоқ. Жұмыс істемеймін, — дедім. Айтқанына көңбесімді білген соң, «Онда үйден кет!», — дейі ол. Барар жер, басар тауымның жоқ екенін де жақсы біледі. «Ертен кетемін», — дедім. Ертесі денем ауырлап, күйіп-жанып ояндым. Тіпті қозғалуға шамам жоқ. Ақшамға дейін қимылсыз жаттым. Соңында жақындарыма хабарластым. Жедел жәрдем шақырдық. Олар ауруханаға алып кетті. Медбике түрлі дәрі-дәрмек егіп жатыр. Қызуымның түсер түрі жоқ. Түрім бозарып, көзім шүңірейіп, құр сүлдем қалды. Диагностымды ешбір дәрігер анықтай алмай жатыр. Екі күннен кейін өзіме келіп, тәуір болдым. Тәбетім де ашылды. Дәрігерлер үйге қайтуға әрең дегенде рұқсат берді.

Саябақта жаяу жүріп келемін. Қараңғы өмірден жарық әлемге келгендей күй кештім... Үйге жақындаған тұста ауылдағы құрбым хабарласты. «Ертен Алматыға жұмыс бабымен бара жатырмын. Пәтер жалдап жатырсың ғой, қасында екі-үш күн болуға рұқсат ететін шығарсың?», — деді. «Келе бер», — дедім. Құрбым келіп кеткен соң басқа жер тауып алармын деп ойладым. Айтолқын салқынқанды амандасып, жағдайымды сұрады. Мен де іштей ренішімді баса алмай, суық сөйлеп «үйге ертен ауылдан құрбым келеді» дедім. «Жоқ, үйге артық адамның келгенін қаламаймын», — деп бажырайып қарады. Ашуым басыма теуіп «Сенен рұқсат сұрап тұрған жоқпын. Жай ескертіп жатырмын. Қарсы шығатындай, бұл сенің жекеменшік үйің бе?», — дедім мен де зіркілдеп.

БІЗ ҚАЛАЙ ТОНАЛДЫҚ?

Құрбымды күтіп алып, үйге келдік. Екеуіміз өткен күндерді еске алып, әңгіме айттыстық. Айтолқын үйден ерте шығып кеткен еді, екі сағат өтпей қайтып келді. Қабағын түйіп алған. Мені бөлек шақырып «Мен саған не дедім? Үйге ешкім келмесін дедім ғой. Ескертемін, дәл қазір кетпесендер, басына бәле үйіріледі. Абай бол!», — деп үйден шығып кетті.

Мен ашумен айтқан шығар деп, құрбыммен қаланы қылдыруға кетіп қалдық. Қас қарайғанша сыртта болдық. Үйге келсек, есік ашық-шашық, сыртынан құлыптанбаған. Үйдің іші тас қараңғы. Жарықты қосып қалып едім. Астан-кестен болып, бәрі шашылып жатыр. Тонап кетіпті. Көз жасым көл болып, отыра қалып, еңіреп тұрып жыладым. Бір жағы қорқыныш, екіншіден, қонақ боп келген құрбымның алдында өлімнен бетер ұят болды. Ол менен бетер боздады. Үйге қомақты ақшасын қалдырып кеткен еді. Менің де ақшам мен алтындарым бар еді. Бәрін үтпеп кетіпті. Айтолқын да ізім-қайым жоқ. Құрбым «Сол қыз ұрлаған сияқты, ұры алыстан келмейді», — деді. Мен мұндай жағдайдың болғанына сене алар емеспін. Бір кезде үйге Айтолқын да келді. Ол да біз сияқты шошып, жылайтын шығар деп ойлағанмын. Былқ етпей, көгеріп-сазарып тұрып алды. Мен жыладым. Ол «Дүние үшін жылап не көрінді саған?», — деп өзіме айқайлады. Мен одан әрмен қорқа бастадым. Аздан кейін бір топ ер адам келді. Олар үйді тексерді. Мен де зәре жоқ. «Біз кетеміз», — деп жиналдык. Олар «Қайда барасындар? Сендер шығарсындар тонаған?», — деп өзімізге жабысты. Біз шырылдап жатырмыз. Полицейлерге хабарластым. Бір қызығы, есіктің құлпы бұзылмаған. Айтолқынның ешқандай дүниесі ұрланбапты. Келген қызметкерлер үйді тексеріп, саусак ізін алудың орнына таңға дейін тергеп, бізді ешқайда жібермеді. Қағаз толтырдық. Үйдің иесінің телефоны өшіп тұр. Құрбым екеуіміз бөлек сөйлесуге шығып кеттік. Келсек, бәрі бірге әңгіме айтып

бұрышта сөйлесіп тұр. Үйдің иесін бұрын көрмегенмін. Бірақ естүім бойынша, ол кісі де заң саласында қызмет ететін адам көрінеді. Үйдің алдында бір емес, бірнеше бақылау камерасы тұр. «Камерадан қараңыздаршы!» деп қанша жалынсам да, жергілікті төртіп сакшылары басқа сұрақ қойып, бізді әбден шаршатты...

Ақыр соңында арыздың бәрін қайтарып аламыз деп, әрең құтылдық. Құзырлы орган қызметкерлерінің өз істеріне соншалық құлықсыз болғанын, үй иесінің де хабарсыз кетуі түсініксіз жайт болды. Тіпті әлгілердің тергеп-тексеруінің өзі көңілімізге күдік ұлатты. Саусак, аяқ киім ізін де тексерген жоқ. Біздің жас екенімізді, қорқып тұрғанымызды байқап, басынғандай, түсініксіз «қойылым» ойнап тұрғандай көрінді бізге...

ТҮЙІН

Айтолқынмен бірге болған аз ғана айлар мен үшін бірнеше жылға созылған қара түнуктей болды. Әлгі бөлмеден құтылғаныммен, тапа тал түсте де өз көлекемнен үрейленіп тұратын болдым. Өз үйімде ата-анамның жанында қорғансыз сезінудің орнына белгісіз бір қорқыныш билей берді. Қараңғы түскенде, тіпті зәрем қалмайды. Өмірге деген қызығушылығым бояулап, өлім туралы көп ойлайдым. Аяқасты жылай беретінді шығардым. Әке мен шешем бұл қылығымды көріп қорқа бастады. Бір күні «бәрі бітті, өмір сүргім келмейді» дедім. Түрімді көрген байғұс шешем еңіреп жылап жіберді. Әкеме қарап: «обалына қалып жүрмейік, бұл қыз бір бәлеге ұрынған», — деп дереу бір кісілерге алып барды. Бойыма жабысқан қара күшпен біраз арпалыстым. Мешіттердің табалдырығын тоздырып, бұл бәледен құтылмайынша, тыныш ұйқыдан қалдым. Бір кісінің айтқаны есімде. Қария маған дем салып жатып: «Қызым, сені біреу оқытқан. Дуаланған су беріпті. Фотосуретіңді, киімдеріңнің бәрін теріс оқумен оқытып, дуалап тастапты. Мұндай жағдайдан аман шығудың өзі қиын. Қасыңдағы қыздан құтылғаның олжа болған екен», — деді.

Айтпақшы, осы жағдайлардың салдарынан оқуымды да уақытында аяқтай алмай, бір жылға қалып қойдым.



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

TIRSHILIK

Сұхбат

Денсаулық сақтау министрлігі танымал психологтардың атсалысуымен алғаш рет жасөспірімдер арасында девиантты мінез-құлыққа түрткі болатын себептерді анықтау және оның алдын алу мақсатында ұлттық зерттеу жүргізіп жатыр. Бұл шараның қаншалықты қажеттігі туралы психология ғылымдарының докторы Айжан Теңдікқызы әңгімелеп берді.



БАЛАНЫ БАЙҚАМАСА, БОЛМАЙДЫ

— Айжан Теңдікқызы, девиантты мінез-құлық бойынша осыған дейін жүргізілген зерттеу жұмыстарынан ұлттық ерекшелігі неде?

— Баланың психикалық саулығына лайықты көңіл бөлу үшін оның мінез-құлқындағы өзгерістерді дер кезінде байқау, оларды жан-жақты зерттеу, соған сүйене отырып, дұрыс диагноз қою — өте маңызды. Өкінішке қарай, әлі күнге дейін балалар мен жасөспірімдердің психологиясындағы девиация туралы ғылыми қауымдастық бірауыздан мойындаған анықтама жоқ.

Біз жүргізіп отырған зерттеу халықаралық ғылыми орта мойындаған әдіс-тәсілдерге сүйенеді. Ата-аналардың рұқсатымен құпия сауалнамаға 3000 бала қатысты. Онда балалардың әлеуметтік-демографиялық мәліметтері, микросоциум (*отбасыдағы жағдай, тәрбие моделі*), биологиялық факторлар, психикалық белсенді заттарды қолдану секілді мәселеге назар аударылады. Зерттеушілер тәжірибелі психологтар бірлесе дайындаған арнайы психологиялық тестілеуге де жүгінеді. Зерттеу барыныша сапалы болуы үшін жергілікті менталитет пен қоғамдағы тілдік ерекшеліктерді ескеру мән беріп отырмыз. Ұлттық зерттеу жасөспірімдер бойындағы девиантты мінез-құлық бойынша қоғамдық және ғылыми ортадағы талқылауларды жана мәліметтермен толтырып, зерттеу нәтижесінде жасалатын ұсыныстар мәселені шешуге үлес қосарына сенеміз.

— Ұлттық масштабпен алғанда мәселе каншалықты өзекті?

— Қазір елімізде девиантты мінез-құлқымен танылған балаларға арналған 7 білім мекемесі, ерекше режимде білім беретін 1 мекеме, ал кәмететке толмағандардың өмірге бейімделуіне көмектесетін 20 оналту орталығы бар. Аталған білім беру мекемелерінде 5417 бала оқып жатыр. Жеке-жеке тоқталатын болсақ, ерекше режимде білім беретін мекемеде бала саны былтырғы көрсеткіштен 2,5 есеге көп. Яғни 2017 жылы 6 бала тәрбиеленсе, биыл 15-ке жетті. 7 білім мекемесінде 136 бала оқыса, 20 оналту орталығында 5266 бала бар.

қарым-қатынасы және сыртқы факторлар қалыптастырады.

— Девиантты мінез-құлыққа қандай сыртқы факторлар себеп болады?

Ең алдымен, ата-аналар баланы девиантты мінез-құлықты деп тануы үшін бала психикасына әсер ететін сыртқы себептерге талдау жасауы қажет. Балалар мен жасөспірімдер бойындағы девиантты мінез-құлықтың пайда болуының сыртқы себептері: Ата-аналар көп жағдайда баламен тәрбиелік мақсатта жиі өктемдік танытып, кемсітуші интонацияны қолдануы; Көптеген ата-аналардың өз сәтсіздіктері мен қателіктерінен туындайтын ашуын балалардан алуы, бала бойында жағымсыз ұстанымдардың қалыптасуы.

— Яғни девиантты мінез-құлықтың алдын алуда ғана емес, оның қалыптасуында да ата-ана маңызды рөл атқарады. Сіздің ойыңызша, 9-10 жастағы және одан ересек балалардың ата-аналары девиантты мінез-құлықтың алдын алу үшін өздерін қалай ұстауы керек?

— 9-10 жас аралығындағы балада өзінің мінез-құлқын бақылау және реттеу, сондай-ақ өзіне жауапты іс-әрекеттерге саналы түрде өзін-өзі бағыттау сияқты дағдылар дамып, қалыптасады. Егер психикалық және физикалық тұрғыдан сау 9 - 10 жастағы бала өзін 5 жасар бала сияқты ұстаса, онда бұл мінез-құлықты жетілмеген түрі.

— Психологтар девиантты мінез-құлықты кедергілердің бір ретінде қарастырады. Сіздің ойыңызша, ата-аналар баланың девиантты мінез-құлқы туралы білуі тиіс негізгі фактілер қандай?

— Ата-аналар баланың мінез-құлқында аландататын жағдайларды үнемі бақылауы керек. Әсіресе 9-10 жасқа толғаннан кейін жүріс-тұрысына ерекше мән берген жөн. Психологтардың пікірінше, ата-аналар білуі тиіс бірнеше факті бар. Біріншіден, девиантты мінез-құлық — есмедімейтін психикалық ауру немесе патологиялық жағдай емес. Оны түзетуге болады. Ол үшін балаға психотерапия өткізіп, ата-ана қолдауы қажет. Екіншіден, девиантты мінез-құлық психикалық саулығы қалыпты адамдарда да, психикалық дертке ұшыраған кісілердің бойында да байқалады. Үшіншіден, дер кезінде алдын алу шаралары қабылданбаса, баланың бойындағы девиантты мінез-құлық патологиялық мінез-құлыққа айналуы мүмкін. Мәселен, психикасында қоғамда қалыптасқан нормаларға қайшы өзгерістер байқалған балалар ішімдікке әуес болып, нашакорлыққа салынып, құмар ойындарға қызығуы мүмкін. Төртіншіден, девиантты мінез-құлық әр кезеңде түрліше байқалады. Бастапқы кезеңде девиантты мінез-құлық бір қарағанда барлық балаға тән дөрекілік көрсету, реніш таныту, өзін-өзі оқшаулау секілді көріністер арқылы белгі береді. Кейінгі кезеңдерде балаға өз мінез-құлқындағы девиация тартымды көрініп, нормаға айнала бастайды және ол көзқарас нашакорлық, құмар ойындарға салыну, суицид және т.б. ауыр жағдайларға апарып соғуы мүмкін. Бесіншіден, девиантты мінез-құлық — бала өмірінің көрінісі. Мінез құлықтағы девиация жеке тұлғаның мәселесі болғанымен, оның пайда болуына сыртқы факторлар әсер етеді. Бала психикасындағы өзгерістерді ата-ананың, достары мен туыстарының

9-10 жасар және одан ересек жастағы психикалық және физикалық тұрғыдан сау баланың мінез-құлқындағы кемшіліктер ата-ата мен қоршаған орта шеттен тыс қамқорлық танытқан кезде пайда болады. Ата-аналар мен өзге ересектер баланы ерекше «күтіп», оған өз тәжірибесі арқылы ересек өмірге үйренуге мүмкіндік бермейді. Әрине, ата-ананың баласының қамын ойлауы міндетті, бірақ аса қамқорлық жасау қажет емес.

Баланың қамын ойлаумен қамқорлықтың арасында маңызды психологиялық айырмашылық бар. Баланың қамын ойлау арқылы шынайы ықылас, жылулық пен сенімділік үлгісін көрсетесіз, ал баланы аса қамқорлыққа алу арқылы оның өміріне бақылау орнатып, манипуляция жасап, тұлға ретінде қалыптасу барысында қысым көрсетесіз. Ойлап қарасаңыз, қоғамда көп жағдайда мүмкіндіктері шектеулі, іс-әрекеттеріне өзі жауап бере алмайтын адамдарға қамқорлық танытады. Ал балаға сондай қарым-қатынас таныту арқылы кейде ата-аналар инфант ересектерді тәрбиелеп жатқанын байқамайды.

— Баланың қамын жасауды шеттен тыс қамқорлық танытумен шатастырып алмас үшін ата-анаға не істеу керек?

— Біріншіден, ата-аналар әртүрлі тақырыптарға баламен үнемі әңгімелесу арқылы шынайы көңіл бөле алады. Ашық әңгімелесу барысында ата-аналар баланы тындап, сұрақтарға жауап беру арқылы баланың көкейіндегі мәселелерді біле алады. Сондай-ақ ата-аналар баланың ұқыпты әрі таза жүруіне,

көңіл-күйінің көтеріңкі болуына, жақсы тамақтанып, ұйқысының тыныш болуына көз жеткізуі керек. Балаға көңіл бөлген кезде оны орынсыз сынға алудан қашу қажет. Яғни керек кезде баланы орынды мақтап, қателескен кезде оған жекімей, мәселенің шешу жолын ұсынып, кейде оны бірге табуға үйрету керек.

Екіншіден, балаға шынайы қамқорлық таныту үшін ата-аналар баланың қызығушылықтарын, сүйікті кітаптарының мазмұнын, фильмдерін және ойындарын білуі тиіс. Ата-аналар баланың достарының есімдерін және телефон нөмірлерін білуі керек. Ата-аналар өз балаларына ғана емес, оның достарына да қызығушылық танытып, оларға қолдау да білдіруі қажет. Қамқор ата-ананы бала мақтан тұтады және оны өзгелердің алдында мақтаныш көреді.

Үшіншіден, ата-аналар балаға жылы қарым-қатынасты дер кезінде қолдау көрсету арқылы көрсете алады. Бала қолдауды қажет етеді, өйткені ол өмірлік тәжірибесінің аздығына байланысты тәуелсіз іс-әрекет жасау барысында қателіктердің алдын алу туралы ойламайды. Ата-ана қолдауы болмаса, бала қателіктерге бой алдырып қана қоймай, өз қабілеттеріне сенімі жоғалып, бойында үрей пайда болады. Яғни ата-ананың қолдауы дегеніміз — баланың өз мүмкіндіктеріне деген күмәнін сейілту.

Төртіншіден, ата-ана балаға сенім білдіруі керек. Ата-анасының сеніміне ие болған бала өзін басқалармен тең көреді. Ата-ана балаға өзінен



кіші бауырларына қарау, үй жануарлары мен өсімдіктерді қадағалау, әртүрлі мәселе бойынша өз пікірін білдіру, ересектермен бірге дастархан басында отыру секілді қарапайым функциялардан бастап, отбасындағы ортақ мәселені шешу бойынша ұсыныстар беру, жағдайды бағамдау, іс-шараларды ұйымдастыру сияқты күрделі тапсырмаларды жүктеу арқылы баланың бойына өзіне деген сенімділікті ұялата алады. Яғни баланың отбасында маңызды функциялары болуы, жауапты рөл атқаруы өте маңызды.

Қорыта айтқанда, ата-ана баланың жетістіктеріне бірге қуанып, сәтсіздіктеріне түсінуді танытып, сенім артып, ересек адамның функцияларын атқаруға мүмкіндік беру арқылы девиантты мінез-құлықтың алдын алып қана қоймай, психикалық дені сау адамның қалыптасуына жағдай жасайды. Ата-аналар девиантты мінез-құлықтың психикалық ауру немесе патологиялық жағдай емес екендігін ескерте отырып, балаларына өз-өзіне сенімді және өздігінен шешім қабылдайтын алатын, өмірде өз орнын таба алатын толыққанды азамат ретінде қалыптасуға көмектесе алады.

— Әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан Шалқар НҮРСЕЙІТ



Қызылорда облысының Жаңақорған кентінде тұратын сегіз жастағы Ажар Жүсіпәліқызы медициналық көмекке мұқтаж. Әрі ол дөңдеген дерт сақдарынан мектепке де бармаған. Қызының болашағына алаңдаған анасы Базаркүл Кенебаева білікті дәрігерлердің көмегіне зәру.

Ажар далаға сағынышпен қарайды. Терезенің арғы жағы қызық өмір! Өзі қатарлы балалардың асыр сала ойнағаны керемет-ақ. Осындай құмарлық жан дүниесін қанша тербесе де, оңаша да ойы ойран болады. «Басында ісік бар. Көзі ісіңкі. Дәрігерлер қарамайды, мен сіздерге құжаттарын көрсетейін», — деді анасы жанарына жас толып.

Жүсіпәлі мен Базаркүл бүгінде 8 ұл-қыз тәрбиелеп отыр. Отбасының береке-бірлігін сақтаған ерлі-зайыптының уайымы — Ажардың денсаулығы. Олар кенжесіне туғаннан жабысқан кеселге қандай емінің бар-жоғын білмейді.

Ажардың әкесі Жүсіпәлі Ибрагимов: — Менің ешқандай ауруым жоқ еді. Осы қыз қалай өмірге келді, солай жүрек ауруы пайда болды. Қызым түнде ұйықтамайды, ауа жетпей қалады. Басын ұстайды. Қолымыздан не келеді? Көмек жоқ, нәтиже жоқ. Түсінбеймін.

Дәрігерлер диагнозын да дұрыс айтпайды. Қандай диагноз екенін білмейміз, — дейді мұның шағып.

Ажар — 8 жаста. Екі көзі ұясынан шығып, бадырайып тұр, кірпігін қақпайды. Тынысы тарылғанда, қаршадай қыз түнімен көз ілмейді екен. Мұндай жағдайда анасы қалай тыныш жатсын? Түні бойы күзетіп шығады.

— Дәрігерлер 9 ай 9 күн сандалтты. Қызылордаға барамын, басын түсір, еңбегін түсір дейді. Бәрін түсірдім. 15 мыңнан 45 мың теңге сұрады. Облыстық денсаулық сақтау басқармасына да бардым. Қызымның жағдайын көріп отырсыздар, ауруханаға жатқызыңыздар дедім. Өйткені ауруы жаныма батып жатыр. №088 қағазды әлі толтырған жоқ, — дейді ақ халаттыларға күйінген анасы Базаркүл Кенебаева.

Базаркүлдің айтуынша, қараша айында қызының мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік жәрдемақы да тоқтатылған. Қайта рәсімдеудің машақаты көпбалалы ананы әбден қажытыпты. Ол: «Аудандық емханаға барғанда, дәрігер Дариға Есімова күндізгі

бөлімге жатқызатын болды. Сол жерде тұрсақ, бір жас бала шығып: «аппай, сіз бірінші күні келіңіз» деді. Содан үйге барып, түскі асымды енді ішіп отырсам, қайта шақырды. Мекеме менгерушісі Кенжегүл күндізгі бөлімге жатқызатын болды. Ана есікке, мына есікке кірдім», — деген ананың жолы болмапты. Әуресі көп ауруханадан жалығып, жалған сөз, құрғақ үздеге тойған отбасы жергілікті дәрігерлердің қауқарсыздығына налмды.

Сөйлей алмайтын қызының басындағы ісіктің не боларын білмеген әкесі шындық іздеп шырылдап отыр. Шынында да баланың не жазығы бар? Ол бұл өмірден не көрді? Осыны ақ халаттыларға айтып түсіндіре алмаған отбасы тоғыз айдан бері табалдырық тоздыруда. Жанарынан тоқтаусыз жас ағатын қызының қазіргі күйін көрген ата-ананың жылаудан басқа амалы қалмаған. Өйткені құрсағынан шыққан құлыншағы өте сезімтал, бәрін түсінеді.

Туғаннан тандайды да басқаша біткен. Кірпігін ұйықтағанда да қаға алмайды. Жұдырықтай

қыздың жүрегі шаншиды. Ал ата-анасы өздерінің шарасыздығына қынжылады. Денсаулық сақтау министрлігінен үміт күтеді. Тіпті қарапайым халық қызының диагнозын сұрайды. «Көзілдірік кигізбейсіз бе? Ұят қой!» дейтіндер де бар екен.



СЕГІЗ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН СЕРГЕЛДЕН



Логопед мамандар көмектессе, сөйлеу қабілетін дамытса, баланың әрі қарай сөйлеп кететін мүмкіндігі бар көрінеді. Соны дәрігерлер ұқпай отырғанына налмды. Қызын үйде оқытуға өтініш те жазған. Ауданнан келген мамандар Шынар деген кісіге барып оқытуды айтыпты. Ол кісі 2-3 ай оқытқаннан кейін басында ісігі бар балаға оқу ауырлық ететінін жеткізеді.

Ажардың әлі күнге мектепке бармағаны, білім алу құқығы неге шектелгені белгісіз. Өйткені Ажар қолына қаламсап ұстай алады, жазуға талпынады. Бөлмеде отырып оқығысы келеді. Ішінде арманы көп. Айнаға қарап тұрып, ызадан жылайды.

Жанакорған аудандық амбулаториялық емхананың

жариялады: «Міне, ВКК қорытындысы ПМК үйден оқытуға қажет етеді», — деді шімірікпестен. Осыны естіген Базаркүл апай қайран қалды. Қысқасы, бір-біріне жұмсаған құжат, ауызша әңгіме, жалған сөз, ақталу...

Дәрігерлердің айтуынша, Ажардың аптасына екі рет психолог пен логопедтің көмегіне жүгінуге құқы бар. Бұл қызмет түрінің нәліктен тоқтатылғанын білім саласының мамандары дәрігерлер берген құжатпен байланыстырады. Айғай-шудан соң тілді түзету жұмысы логопедтен басталатын болды. Балаға түрлі артикуляциялық жаттығулар жасалып, суреттер арқылы сөздік қорын дамыту, үрлеу жаттығуы арқылы тіл жағынан жұмыс жүргізілетін болды. Осылайша, кішкентай Ажар оқуды бастап кетті. Мүгедектігі үшін берілетін жәрдем ақысын да қайта алатын болды. Ал жергілікті білім мен денсаулық саласының басшылары туғаннан дімкөс қыз бен анасын сандалтып қойғандар міндетті түрде жазаланады деп сендірді.

Жазира БЕГАЛЫ,
Қызылорда облысы

Тұлға

Қоғам және мемлекет қайраткері, әдебиет зерттеушісі, сыншы Ыдырыс Мұстамбайұлының дүниеге келгеніне 120 жыл толды. Осындай атаулы күн еске түскенде, «ол кім еді, елге қандай еңбегі сіңді?» деген сауал туындайды. Бұл заңды да.

Ол 1898 жылы қараша айында Семей қаласында дүниеге келген. Жастайынан жетім қалып, жалшы болып жүрген Мұстамбай Семейдің атақты көпесі Тінібайдың саудагерлеріне жалданып, олардың елден жинаған малын айдасып, Семей қаласына келеді. Осылайша қарапайым өмір кешеді. Жастайынан қағылез, оқуға зерек болып өскен Ыдырысты әкесі Тінібай мешітіндегі медресеге оқуға берген. Ынтасы зор баласының бұдан әрі орысша білім алуына қарсы болмайды. Ыдырыс Семей қаласында екі сыныптық орыс-қазақ училищесін өте жақсы бітіреді. Бұл жалпы әлемді қамтыған бірінші дүниежүзілік соғыстың жүріп жатқан кезі еді. Ресей империясының осы соғысқа қатысуы отар елдерге үлкен ауыртпалық әкелді. Қазақ халқының отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күресі және өз отбасындағы ауыр тұрмыс жас жігітті ерте есейтті. 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы мен Қазан социалистік төңкерісі кезінде Ыдырыс Мұстамбайұлы Семейдегі почта-байланыс қызметкері болатын.

Семей қаласында кеңес өкіметі орнағаннан кейін, жаңа жыл қарсаңында почта-телеграф қызметкерлері атынан Семей кеңестік депутаттығына ұсынылады. Ал 1918 жылдың сәуір айында Алаш аудандық *(Семей қаласының жаңа Семей — Заречная слободка бөлігін Алаш қайраткерлері «Алаш қаласы» деп атаған)* депутаттар кеңесі төрағасының орынбасары және Семей уездік депутаттар кеңесінің төралқа мүшелігіне сайланады.

Ы. Мұстамбайұлының кеңестік құрылысты орнықтыру жолындағы қызметі халқымыздың болашақ тағдыры мен республиканың мемлекеттік құрылысы үшін де маңызды кезеңмен байланысты. Осы жылдары кеңестік негіздегі Қазақ автономиясын құруға дайындық жұмыстары жүріп жатты. Осыған орай «партия мен кеңестік ұйымдардың жұмысын қандай бағытта жүргізу қажет, өкіметтің басқару органына қай әлеуметтік топ жетекшілік жасайды, ұлттық мүддені қалай қорғаймыз?» деген сынды өзекті сұрақтар ұлт жанашырларын ойландпай қоймады.

Қазақ кеңестік автономиясын құру туралы декрет шығып, оның аумағы белгіленіп, кеңестік басшылық органдары сайланғанымен, Ақмола мен Семей губернияларынан Қазақстанға беру бірден іске асқан жоқ. Ұлы орыстық шовинизммен уланған Сібір ревкомының басшылары бұл жерлерді Қазақстанға бергісі келмей, аймақтың Қазақстанға қосылуын тежеп бакты. Бұл кезде Семей губерниясының басшылығында отырған өзге ұлттың өкілдері де Ресейге қарай бұра тартты. Осындай қиын жағдайда қазақтың ұлтжанды қайраткерлері аймақтың Қазақстанға қайтарылуы жолында көп күш–қайрат жұмсады.

Кеңестік құрылыстың алғашқы кезеңдегі Ыдырыстың қайраткерлік жолының екінші бір қыры заңды қадағалаушы прокуратура саласының негізін қалауда айқын көрінді. Жаңадан құрылған заң қызметкерлерінің тапшылығына байланысты, өзін партиялық және кеңестік жұмыстарда көрсете білген сауатты және жауапты қызметкерлерді прокурорлық жұмыстарға тарту кезінде Ы.Мұстамбайұлы Орал губерниясының прокуроры болып тағайындалады. Зангерлік білімі жоқ жігітке Орал қаласындағы белгілі зангерлер Бақытжан Қаратаев және оның інісі Арон Қаратаев көп көмегін тигізді.

Губерния прокуроры міндетіне кіріскеннен кейін, бірінші кезекте қоғамдық-саяси өмірде ерекше орын алатын прокурорлық қадағалаушы орган қызметіне жергілікті ұлттың өкілдерін көптеп тартуды қолға алды. 1924 жылы Ақмола губерниясының прокуроры болып ауыстырылғаннан кейін де губерниядағы қадағалаушы органның аяғынан тұрып, қызметін жандандырып кетуіне бар күш-жігерін салды. Бұл қызметтерде қайсар мінезін танытып, халық арасында кеңінен танымал болды. Губернияның прокуроры қызметін атқара жүріп, аумақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын назардан тыс қалдырмады. Есепті баяндамаларындағы ерекше назар аударатын мәселенің бірі — губерниядағы көшпелі қазақ халқының аштыққа ұшырауы және оны алдағы уақытта болдырмау жөнінде айтқан ұсыныстары болды. Ол Ақмола губерниясындағы қазақ халқының аштыққа ұшырау себептеріне терең үнілу керектігіне баса назар аударды.

1924-1925 жылдар Қазақ халқының тарихында бөлшектенген қазақ жерлерін біріктірудің аяқталуымен және Қазақ автономиясының орталығын Ақмешітке көшіруімен айшықтала түскені белгілі. Осындай қыруар шаруалардың қызған шағында, 1925 жылы 18 сәуір күні болған Қазақ аймақтық РК(Б)П-ның алқа мәжілісінің шешімі бойынша Ақмола губерниясының прокуроры Ы.Мұстамбайұлы Сырдария губерниялық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Бұл кезең шын мәнісінде, ол үшін өте жауапты кезеңнің бірі болған еді. 27 жасында ел ордасының атқару комитетін басқару оған зор жауапкершілік жүктеді.

Ыдырыстың өміріндегі жарқын белестерінің бір кезені болып табылатын Сырдария губаткомының төрағасы қызметінде бір жылдан сәл аса мерзімде еңбек етті. Бұл жылдары жалпы Қазақстан аймағында билік үшін өзара талас-тартыс, бірін-бірі жікшілдікпен, ұлтшылдықпен айыптау «науканы» қызып тұрған кез еді. Оның үстіне Сырдария губерниясының астаналық губерния болуы, Ы.Мұстамбайұлы сынды қайраткерді қызу таластың, саяси күрестің бел ортасынан, бірақ шығарды. Губаткомның төрағасы қызметінде ең бірінші кезекке ұлт мүддесін қойды. Өз ұлтының мүддесі үшін күресті. Осынау қасиетті күресті атқарып жүрген қайраткердің қызметтік жолы халқымыз «қужак» атаған Ф.Голощекинмен түйіскен еді. Қайраткердің кеңестік құрылысты жүргізу барысындағы ұлт мүддесін көздеген батыл ойлары мен қадамдары Голошкекинге ұнамады. Оның іс-әрекетінен кінәрат табуға тырысты. Оның арты ашық түрдегі саяси күреске ұласты.

1926 жылы қараша айында Қазақ өлкелік партия комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумында «Ішкі саяси жағдай туралы» деген тақырыпта баяндама жасаған Ф.Голощекин казакстандық партия ұйымында қалыптасып отырған «жікшілдікті» сынаған болып, өзінің қарсыластары — қазақтың ұлтжанды қайраткерлері С.Кожанов, Ж.Мыңбаев, С.Сәдуақасовқа қарсы бар «кінәні» аударды. Кеңестік құрылыстың ілгері дамуына барынша кедергі келтіріп отырған «жікшілдердің көсемі» етіп көрсетуге барынша күш салды. Топшылдықты қоздырып, соның жетекшісі ретінде, еуропалықтарға қарсы жалауды бетперде етіп, билікке қарсы шығып отыр деп С.Сәдуақасовты айыптаған Голощекин: «Міне, тағы бір көсем, бірақ өлкелік емес, губерниялық жолдас Мұстамбаев, 5-конференциядан кейін курортқа кетіп, өзінің бір қазақ жолдасына: «Барлық уақытта жолдас Голощекинге сенуге болмайды,

сінірген еңбегін ереше айтқан жөн. Абай мұражайында ғұмыр бойы еңбек еткен ғалым Төкен Ибрагим ағамыздың: «1922 жылы Абайды феодалдардың ұр тоқпағы» деп мақала жазылған. Мақала авторының атын ұмытыппын. Есесіне, оған қарсы жазылған мақаланың авторы есімде. Ол — Ыдырыс Мұстамбаев. Абайтануға әлі Өуезов келмеген уақытта, алашордашылардың басына күн туып, сөйлеуге шамалары болмай тұрған шақта Абайды қорғап қалған сол кісі болатын.



Жалпы, Мұстамбаев — үлкен тұлға», — деген пікірі, қайраткердің әдеби мұрасына берілген шынайы баға деп есептейміз.

Қайраткер тұлға 20-жылдары өрістеген қазақ әдеби сынына белсене араласып, терең де мазмұнды «Ұлы акын — Абай», «Көркем әдебиет туралы», «Біздің таластарымыз», «Сын мен баспасөз туралы», «Акын Абай және пәлсапашыл Илияс туралы», «Абай», «Философия казахского поэта Абая и его критика» және тағы да басқа көлемді мақалаларын қазақ және орыс тілдерінде «Қазақ тілі», «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттері мен «Жаңа әдебиет», «Қызыл Қазақстан» журналдарында жариялады. Қазақ әдеби сынының мол мұрасы болып есептелетін Ы. Мұстамбайұлының «бұл еңбектерінің дені пролетарлық әдебиетті жасаймыз» деп, осыған дейінгі қазақ әдебиетінің бай мұрасын мансұқтауға тырысқандарға, ұлы акын Абайдың атын өшіріп, тарихтан сызып тастауға білек сыбана кіріскендерге қарсы жазылды. Ол



Голощекиннің Қазақстанда жеке билігін орнатып, ешкімнің пікірімен санаспастан, диктаторлық билік жүргізіп отырғанын батыл айта білген еді.

Ы.Мұстамбайұлының саяси қайраткерлік жолын қысқаша тұжырымдап сараласак, ол өз халқының дәстүрлі шаруашылығын жетік білетін маман ретінде ау бастан «кәтерлі ауыл шаруашылығын ұйымдастыру» деген «эксперименттік» тәжірибелерге, Қазақстандағы голошекиндік өлкелік партия комитетінің қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыруды жүргізу саясатына, партия және кеңестік ұжымдардағы отырықшылықты жүргізудің мардымсыздығына, бай шаруашылықтарын жаппай төркілеуді жүргізуге, ұлтаралық қатынастың дұрыс жүргізілмей, қазақ халқының ұлттық мүддесінің тапталуына қарсы болды.

Ыдырыс сол кезеңдегі қоғамдық-саяси жұмыстардың алдыңғы шебінде болумен қатар, көркем әдебиет, әдеби-сын мәселесіне де батыл араласып, құнды пікірлерін ортаға салған қазақ әдебиетінің жанашыры болған еді. Оның көркем әдебиет, әдеби-сын туралы еңбектеріне тоқталғанда Абай мұраларын қорғап қалудағы

TARİH
E-mail: jas_qazaq@mail.ru
www.jasqazaq.kz

береді. Алаш қайраткерлеріне араша түсудің арты саяси тұрғыдан қуғындауға, ұлы Абай мұраларын қорғаудың арты: «өні жасырылған маркстік сын және ұлтшыл акын Абай шығармаларын, Абай философиясын баспасөз бетінде насихаттау» деген секілді айыптауларға ұласты.

Қазақ зиялыларын қуғындау 1937 жылдың зұлматынан әлдеқайда ерте 1929 жылдың өзінде-ақ басталды. Осы жылдан бастап Алаш қайраткерлері топ-тобымен тұтқындалып, алды — ату жазасына, арты ұзақ мерзімдерге сотталып жатты. Алаш қайраткерлерінің сонын ала оларға бүйрегі бұрған, қолынан келгенше қорғап қалуға тырысқан, олардың еңбектерін, тарихтағы орнын жоғары бағалаған ұлтжанды қайраткерлер де голошекиндік шолақ белсенділер тарапынан «ұлтшылдыққа», «топшылдыққа» ұрынып, партия жолынан ауытқыды» деген секілді жалған жалалармен қуғындала бастады.

1932 жылы шілде айында Семей қаласындағы Қазақ геологиялық барлау институтының директоры болып тағайындалады. Бұл қызмет қайраткер тұлғаның жарқын өміріндегі соңғы қызметі болды. Ол 1933 жылы 17 қаңтар күні Москва қаласында өткенді жатқан жоғары оқу орындарының директорлар кеңесіне келгенде ОГПУ тарапынан тұтқындалады. Бір айдай сонда тергеліп, 1933 жылдың 18 ақпанында Алматыдағы ОГПУ-дың қарамағына жіберіледі. Қазақстандық ОГПУ-дың ерекше бөлімінде төрт ай тергелгеннен кейінгі оған: «Қазақстанда кеңес үкіметін құлату және КСРО-дан бөлініп кету мақсатындағы жоғары оқу орындары мен қызыл армия бөлімдерімен байланысқан контрреволюциялық ұйымды және топты құрды» деген айып тағылды. Ол тергеу барысында қолдан ұйымдастырылған

«контрреволюциялық ұйымды құрды» деген айыптауды мойындаған жоқ. Жеті айдай ОГПУ-дың абақтысында қамауда жатты. Занды түрде жүргізілген сот процесі жүрмей-ақ, оның сыртынан үкім шығарылды. 1933 жылы шілде айында РКФСР қылмыстық кодексінің 58-бабының 2,11-тармақтары бойынша 5 жылға бас бостандығынан айырылды.

20-жылдардың аяғы 30-жылдардың бас кезінде-ақ қазақ жерінде басталған қуғын-сүргін зобаланы 1937 жылдан бастап, қайтадан жалғасты. Бұл жолғы қуғын-сүргіннің бет-әлпеті мен екпіні қатты болды. Әкімшіл-өміршіл тоталитарлық биліктің жаналғыш машинасы ақ пен қараның аражігін ажыратып жатпай-ақ жолындағысының бәрін жайпай өтіп, атынан адам қорқатын «Халық жауы» деген үрейлі пәлені ойлап тауып, халқымыздың бет қаймағына қырғидай тиді. Тіпті осыған дейін әртүрлі жалған айыптаулармен сотталып, жазасын өтеп жатқан қайраткерлердің ісі қайта қаралып, тергеуге алынды. Оларға тағылған бұрынғы айыптаулар аз болғандай, жаландықтың жазасы бұрынғыдан да қоюлана түсті. Осындай кер заманның жан-жақты қыспағына ұшырап, тар қапасына камалып жатқан жерінен, жаза мерзімі бітпей жатып-ақ қайта алдырылып, тергеуге алынған казактың қайраткер тұлғаларының қатарында Ы Мұстамбайұлы да бар еді.

1937 жылы шілде айында қайта тергеуге алынған Ыдырысқа тағылған айыптар Қазақстандағы 1930-жылдары болған голошекиндік және оны қолдаған орталықтың әпербакандық саясатының салдарынан туындаған саяси оқиғалармен тығыз байланыста болды. Атап айтқанда, оған бұған дейін де негізсіз жалған тағылып келген: «Троцкишілермен байланыста болды және жастарды кеңестік билікке қарсы ұйымдастырды, саяси ұйым құрды, кеңес өкіметіне қарсы қарсу қарулы көтеріліс ұйымдастырды» деген сықылды айыптаулар қайтадан жалғасты.

Кеңестік биліктің және оның жендеттері ОГПУ, НКВД сияқты жазалаушы құрылымдардың сұрқия айла-тәсілдерімен бұрыннан таныс және олардың халық атын жамылып, елге қарсы небір сұмдықтарды істеп жатқандығынан хабардар Ы. Мұстамбайұлы өзіне танылған жалған саяси айыптаулардың бірін де мойнына алмады.

Тергеушінің: «Сіз кеңестік билікке қарсы құрылған ұлттық ұйымның қызметіне белсенді атсалысқандығыңызды мойындайсыз ба?» деген сұрағына: «Маған тағылған кінәні мен мойныма ала алмаймын. Кеңестік билікке қарсы құрылған ұлтшылдар ұйымы туралы маған ештеме де белгілі емес және өзім ондай ұйымның мүшесі болған емеспін», — деп жауап береді.

«Коммунистік отаршылдықтың» айқын түрде жүргізіліп жатқанын әуелден-ақ аңғарып, ұлт мүддесі жолында оған қарсы табанды күрескер болуымен тарихымыздың жарқын беттерінен ойып орын алатын өр кеуделі қайраткер тұлға Ы.Мұстамбайұлы 1937 жылы 16 қарашада Алматы облыстық ОГПУ үштігінің «Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық-террорлық көтеріліске және тыншылық-диверсиялық ұйымға белсене қатысқаны үшін» деген қолдан құрастырылған қаулысы негізінде ату жазасына кесілді.

Ұлт мүддесі жолында халқына қалтқысыз қызмет еткен Ы.Мұстамбайұлы 34 жасында түрмеге жабылды, одан кейін 5 жыл тұтқында болып, бар болғаны 39 жасында жазықсыз әкімшіл-өміршіл жүйенің қолынан қаза тапты.

Досалы САЛҚЫНБЕК,
профессор

